

Ақтөбе қаласы білім бөлімі ММ

№32 «Қуаныш» балабақшасы

**« Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беру
арқылы еңбекке тәрбиелеу» шығармашылық зертхана**

жұмыс жоспары.

2025-2026 оқу жылы.

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беру арқылы еңбекке тәрбиелеу

Мақсаты: Балаларда табиғатты сүйе білу сезімін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға үйрету және еңбекке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Табиғатқа қамқорлық жасауға үйрету;
- Қалдық материалдарды қайта өңдеуді түсіндіру;
- Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру (тазалау, отырғызу, жинастыру);
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

№	мерзімі	Шара атауы	ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ
1	Қыркүйек	«Гүлдер»зертханасын ұйымдастыру	Ұйымдастыру жұмысы
2	Қазан	«Мен өсірген гүл»акциясы аясында	челендж
3	Қараша	«Гүлдерге қамқор боламыз»	ереже құрастыру
4	Желтоқсан	«Отбасындағы экологиялық тәрбие» «Екінші өмір сыйлаған заттар» гүл отырғызатын ыдыс жасау.	семинар ата- аналармен жұмыс еңбек
5	Қаңтар	Не қайда өседі? Гүлдер туралы өлеңдер жаттау	Ойын
6	ақпан	«Жарық пен қаранғыда өсімдіктер қалай өседі?»	Тәжірибе
7	Наурыз	«Топырақ қандай болады?» «Гүл »ертегілер әлемінде. Ертегі құрастыру	Зерттеу жұмысы Шығармашылық жұмыс
8	Сәуір	Топ бөлмесінде гүл отырғызу , балабақша ауласына отырғызу үшін гүл қошеттерін дайындау (ата- аналар көмегімен)	Еңбек
9	Мамыр	Топ учаскесінде гүлдер отырғызу (ата- аналар көмегімен) «Гүлдер, гүлдер, ақ гүлдер, қызыл гүлдер көп гүлдер»	Еңбек Сурет көрмесі
10	Маусым	«Гүлдерге қамқорлық» еңбек	еңбек
11	Шілде	«Біз өмірдің гүліміз»	Өздері отырғызған гүл аллеясында фотосессия
12	тамыз	«Біз отырғызған гүлдер»	гүлдер фестивалі

Күтілетін нәтиже:

- Табиғатты қорғау, қамқорлық жасауға дағдыландыру.
- Шығармашылық және еңбекке деген қызығушылығы дамиды.
- Ұқыптылық пен топтық жұмысқа бейімділігі артады.
- Қоршаған ортаны таза ұстау және әсемдікке үйренеді.

Жыл бойы жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Айына бір рет шығармашылықзертхана отырысы.
- Ата –аналарамен бірлескен шеберлік сағаттары
- Топ ішінде және балабақша ауласында еңбекке баулу іс –шарасы
- Гүлдер көрмесін ұйымдастыру

«Бекітемін»
№ 32 «Қуаныш» балабақшасы
меңгерушісі Р. А. Лекерова

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды
экологиялық тәрбие беру арқылы
еңбекке тәрбиелеу»**

«Гүлдер» зертханасын ұйымдастыру



**Өткізген: «Ақжұпар» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Аяпбергенова И.Х
Қали К.Қ**

2025 жыл

Мақсаты:

- Балалардың табиғатқа қызығушылығын арттыру
- Гүлдерге қамқорлық жасауға үйрету
- Бақылау, салыстыру, еңбек дағдыларын қалыптастыру
- Экологиялық тәрбие беру

Орналасатын орны:

- Топ бөлмесіндегі терезе маңы
- Жарық түсетін, балалар еркін жететін, бірақ қауіпсіз жер
- «Табиғат бұрышы» деп безендіріледі

Қажетті құрал-жабдықтар:

Балаларға қауіпсіз, сынбайтын болуы керек:

- Гүл құмыралары (пластик)
- Су құятын кішкентай құты
- Қасық (топырақ салуға)
- Алжапқыш, сулық
- Суреттер, белгілер (күн, су, жапырақ)

Өсімдіктерді таңдау:

Күтімі жеңіл, аллергия тудырмайтын гүлдер:

Тікенекті, улы өсімдіктерді қолдануға болмайды.

Ұйымдастыру жұмыстары: (кезең-кезеңімен)**1-кезең: Таныстыру.**

- «Бұл – гүл», «Оған не керек?» деген әңгіме
- Сурет арқылы түсіндіру

2-кезең: Бірге отырғызу.

- Тәрбиеші көмегімен гүл отырғызу
- Балалар топырақ салып, су құяды

3-кезең: Күнделікті күтім.

- Суару (кезекпен)
- Жапырағын сүрту
- Қурағанын байқау

4-кезең: Бақылау.

- «Өсті ме?», «Жапырағы қандай?» деген сұрақтар
- Сурет салу, әңгімелеу

Ойын және оқу әрекеттері:

- «Гүлге су бер» ойыны.
- «Гүл қалай өседі?» тақырыбында әңгіме.

- Такпак, жұмбақ, ән.
- Аппликация, сурет салу.

Қауіпсіздік ережелері:


- Гүлді жұлуға, ауызға салуға болмайды
- Суды төкпеу
- Құралдарды тәрбиешімен бірге қолдану



«Бекітемін»
№ 32 «Қуаныш» бағабакпасы
менгерушісі Р. А. Лекерова

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды
экологиялық тәрбие беру арқылы
еңбекке тәрбиелеу»**

«Мен өсірген гүлдер» акциясы аясында челеидж



**Өткізген: «Ақжұпар» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Аяпбергенова И.Х
Қали К.Қ**

2025 жыл

Қазан айында жоспарға сәйкес «Мен өсірген гүлдер» атты челенджін өткізу барысында Ата-анамен жүргізілген жұмыс.




Жұмыс барысы:

Қазан айында жоспарға сәйкес «Мен өсірген гүлдер» атты челендж ұйымдастырылды. Челендж басталар алдында ата-анаға ақпарат берілді.

Ата-ана баласына үйде гүл отырғызуға, суаруға және күтіп-баптауға көмектесті.

Бала мен ата-ананың бірлескен еңбегі фото және видео материалдар арқылы көрсетілді.

Нәтижесінде: Ата-аналардың белсенділігі артты. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас нығайды. Балалар өсімдіктерге қамқор болуды үйренді. Экологиялық тәрбие жүзеге асырылды



«Бекітемін»
№ 32 «Қуаныш» балабақшасы
меңгерушісі Р. А. Лекерова

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды
экологиялық тәрбие беру арқылы
еңбекке тәрбиелеу»**

**«Гүлдерге қамқор боламыз»
(ереже құрастыру)**




**Өткізген: «Ақжұпар» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Аяпбергенова И.Х
Қали К.Қ**

2025 жыл

Караша айында жоспарға сәйкес балаларға «Гүлдерге камкор боламыз» атты тақырыбы бойынша ереже құрастыру берілді.

Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыра отырып, гүлдерге камкорлық жасауға үйрету және еңбек дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Гүлдерге камкор боламыз» атты тақырыбы бойынша ереже құрып, балаларға түсіндірме жұмысы жүргізілді.

1. Гүлдерді күн сайын суарамыз.
2. Гүлді сындырмаймыз, жапырағын жұлмаймыз.
3. Гүлді жарық жерге қоямыз.
4. Гүлге таза қолмен қараймыз.
5. Гүлді теппейміз, лақтырмаймыз.
6. Гүлге мейіріммен қараймыз.



«Бекітемін»
№ 32 «Қуаныш» балабақшасы
меңгерушісі Р. А. Лекерова

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды
экологиялық тәрбие беру арқылы
еңбекке тәрбиелеу»
«Отбасындағы экологиялық тәрбие»
«Екінші өмір сыйлаған заттар» гүл отырғызатын ыдыс жасау.
(ата-анамен жұмыс)**



**Өткізген: «Ақжұпар» ортаңғы тобы
Тәрбиешілер: Аяпбергенова И.Х
Қали К.Қ**


2025 жыл

Мақсаты:

Балалар мен ата-аналарды экологиялық мәдениетке баулу, қайта өңделген материалдарды пайдалану арқылы гүл отырғызуды үйрету, отбасыла экологиялық тәрбие қалыптастыру

Міндеттері:

- Ата-аналар мен балаларға экология және қайта өңдеу жайлы түсінік беру.
- Балалар мен ата-ананың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру.
- Қалдық заттарды (банка, пластик бөтелке, тостаған) гүл отырғызатын ыдысқа айналдыруға үйрету.
- Табиғатты қорғау, гүлге қамқорлық жасау дағдыларын дамыту.



«Бекітемін»
№ 32 «Қуаныш» балабақшасы
менгерушісі Р. А. Лекерова

**Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды
экологиялық тәрбие беру арқылы
еңбекке тәрбиелеу»**

**Не қайда өседі?
Гүлдер туралы өлеңдер жаттау.**



Өткізген: «Ақжұпар» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Аяпбергенова И.Х

2026 жыл

Мақсаты:

Балаларға әр түрлі гүлдердің өсу ортасын үйрету, табиғатқа қызығушылығын арттыру.

Тапсырмалар:

Не қайда өседі?

Балаларға гүлдердің өсу ортасын сұрау:

- Күнге ашық жерде өсетін гүлдер
- Көлеңкеде өсетін гүлдер
- Су жанына жақын өсетін гүлдер

Мысалы:

- Раушан – күн сәулесі жақсы түскен жерде
- Шағын сүтті гүл – көлеңкеде
- Құрак гүл – бақтағы топырақта

Гүлдер туралы өлеңдер жаттау

Балаларға қысқа, қарапайым өлең жолдарын жаттау ұсынылады.

Мысалы:

- «Раушан гүл, қызыл гүл, күнге қарап өседі»
- «Сары гүл күлімдеп, бақты сәндейді»

Гүлдер туралы қысқа өлеңдер

Раушан гүл

Раушан гүл, қызыл гүл,
Күнге қарап өседі,
Суға, топыраққа мұқтаж,
Бақта сәнін береді.

Сары гүл

Сары гүл күлімдеп,
Бақты сәндейді,
Күнге қарап өседі,
Барлығын қуантады.

Көкгүл

Көкгүл далада ашылды,
Жапырақтары жасылды,
Су берсек, жақсы өседі,
Көгілдірге айналады.

Тәтті гүл

Тәтті гүл иіскейік,
Бал арасы ұшып жүр,
Күнде күтіп, суарып,
Гүлдер әдемі болады.

Балаларға өлеңдерді қайталау арқылы есте сақтау ұсынылады, суретке қарап айту да болады.

Ақпан айы бойынша «Жарық пен қараңғыда өсімдіктер қалай өседі?»

Мақсаты:

Балаларға өсімдікке жарықтың қажет екенін көрсету арқылы экологиялық түсініктерін дамыту.

Үйге тапсырма: “Түлдің жарықта және қараңғыда өсуін бақылау”
Тәжірибе.

Қысқаша:

- Өсімдік атауы: “Гиацинт”
- Түрі: пиязшықты сәндік гүл.
- Ерекшелігі: жарықта жапырағы жасыл, мықты өседі; жарықсыз – әлсіз, сарғыш болады.

Бақылау нәтижесі:

Жарықта тұрған гүл жасыл, түзу болып жақсы өседі.

Қараңғыда тұрған гүл бозарып, әлсіз өседі немесе өсуі баяулайды.

Қорытынды:

Өсімдіктің жақсы өсуі үшін жарық, су және күтім қажет. Жарық болмаса, өсімдік дұрыс өспейді.

Сондықтан өсімдіктерді күтіп, оларға дұрыс жағдай жасау керек.



Наурыз айы бойынша: Топырақ қалай болады?

(зергтеу жұмысы)

«Үл ертегілер әлемінде» ертегі құрастыру.

(шығармашылық жұмыс)

Мәселесі:

Балаларға топырақтың қалай пайда болатынын қарапайым тілмен түсіндіру, бақылау жасауға үйрету.

Топырақ деген не?

Топырақ – өсімдіктер өсетін жердің үстінгі қабаты.

Топырақтың ішінде:

ұсақ тастар,

күм,

шіріген жапырақтар,

су,

ауа болады,

Топырақ қалай пайда болады?

Үлкен тастар уақыт өте келе үгітіледі.

Жел, жаңбыр, қар тастарды бұзады.

Ағаштардың жапырақтары жерге түсіп, шіриді.

Шіріген жапырақтар топыраққа айналады.

Осылайша көп жылдар бойы топырақ пайда болады.

Зергтеу жұмысы (тәжірибе)

Тәжірибе: «Жапырақ қалай өзгереді?»

Қажетті заттар:

Құрғақ жапырақ

Ыдыс

Су

Жасалу жолы:

Жапырақты ыдысқа саламыз.

Аздап су құямыз.

Бірнеше күн бақылап қараймыз.

Қорытынды:

Жапырақ жұмсарады, өзгереді. Уақыт өте келе піриді. Бұл – топырақтың бір бөлігі.

Сұрақтар:

Топырақтың түсі қандай?

Топырақтың иісі бар ма?

Топырақта не өседі?

Қорытынды

Топырақ – табиғаттың сыйы. Ол ұзақ уақыт ішінде пайда болады.

Топырақ болмаса, өсімдіктер өспейді.

«Гүл ертегілер әлемінде»

(Кіші топ балаларына арналған шығармашылық ертегі)

Ерте, ерте, ертеде әдемі бір бақша болыпты. Ол бақшада түрлі-түсті гүлдер өсіпті.

Сол гүлдердің ішінде кішкентай ғана Ақгүл өмір сүріпті. Ақгүл өте мейірімді, бірақ күннен қорқатын болыпты.

Бір күні аспаннан жарқырап күн шығыпты. Күннің аты Алтын Күн екен. Алтын Күн жерге жылуын шашып:

— Сәлем, кішкентай гүлдер! Мен сендерге жылу беремін! — дейді.

Ақгүл қорқып:

— Мен күйіп кетемін бе? — деп сұрайды.

Сонда жанындағы Көкгүл күліп:

— Жоқ, күн бізге көмектеседі. Біз күннің жылуымен өсеміз, — дейді.

Сол кезде бұлттар жиналып, жаңбыр тамшылары тама бастайды. Жаңбырдың аты Мөлдір Тамшы екен.

— Мен сендерге су беремін, — дейді жаңбыр.

Күн мен жаңбыр бірге болғанда, гүлдер жайқалып өсіп кетеді.

Ақгүл де батыл болып, басын көтереді.

Ол күнге қарап күлімдейді.

Содан бері Ақгүл:

— Табиғат – біздің досымыз! — деп қуанып жүреді екен.

Ал бақша одан сайын әдемі болыпты.

Шығармашылық жұмыс тапсырмасы

Балаларға сұрақ:

- Саған қай гүл ұнады?
- Гүлдерге тағы кім көмектеседі?

Сурет салу:

«Менің ертегідегі гүлім»

Қимылды ойын:

Балалар гүл болып отырады.

Тәрбиеші «Күн шықты!» десе — қолдарын жоғары көтереді.

«Жаңбыр жауды!» десе — саусақтарымен тамшы қимылын жасайды.